

## Алматы қаласында жарнама ақпарат өнімдерін орналастыру тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXII сессиясының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 18 қарашада N 25 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы N 199 шешімімен

1993 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40, 41 баптарына, "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңының 3 бабына және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" (Алматы қаласының мәртебесі туралы мәселе бойынша) Қазақстан Республикасы Заңының 1 тармағына сәйкес I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

1. Алматы қаласында жарнама-ақпарат өнімдерін орналастыру тәртібі бекітілсін, беріліп отыр.

2. I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының "Жарнама үшін салық туралы" 1995 жылғы 7 ақпандағы IV сессиясы Қаулысының күші жойылған деп танылсын

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ғылым, білім, мәдениет, жастар саясаты, ұлтаралық қарым-қатынастар және дін мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (Алдашев А.А.).

*I сайланған Алматы  
қалалық Мәслихаты  
XXII сессиясының төрағасы*

*I сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

*I сайланған  
Алматы қалалық Мәслихатының  
1998 жылғы 30 қыркүйектегі  
XXII сессиясының шешіміне  
қосымша*

**Алматы қаласында жарнама-ақпараттық өнімді орналастыру Ережесі**

Осы Ереже Алматы қаласының аумағында көрнекі жарнаманы өндіруге, орналастыруға, таратуға байланысты қарым-қатынастарды реттейді.

**1. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер**

"*сыртқы (көрнекі) жарнама*" - белгіленбеген тұлғалар және олардың қызығушылығын туғызуға немесе қолдауға арналған плакаттар, стенд, шамды табло, билбордтар, транспаранттар, жарқағаздар мен басқа да заңды және жеке тұлғалар, тауарлар, идеялар мен бастамалар туралы жарнама мен ақпарат орналастыратын нысандар түрінде таратылады. Өз меншігі шеңберінде орналастырылатын ғимарат, көлік құралы не жер меншік иесі болып табылатын кәсіпорын туралы және (не) ол өндіретін тауарлар және ол көрсететін қызметтер туралы жарнама-ақпараттық өнім сыртқы (көрнекі) жарнама болып табылмайды және төлем алынбайды. Басқа заңды немесе жеке тұлғалардың меншік нысандарында орналастырылатын кез-келген қосымша сыртқы ақпарат (заңды немесе жеке тұлға туралы, олардың тауарлары, идеялары мен қызметтері туралы) сыртқы (көрнекі) жарнамаға жатады.

"Жарнама беруші"- жарнаманы өндіруге, орналастыруға және одан әрі тарату үшін жарнама ақпаратының көзі болып табылатын заңды және жеке тұлғалар.

"Жарнама таратушы"- мүлікті, соның ішінде техникалық құралдарды беру мен пайдалануды немесе басқа амалмен жарнамалық ақпаратты (жарнамалық бейнені) орналастыруды және таратуды іске асыратын заңды немесе жеке тұлға.

"Өкілетті орган"- жергілікті атқарушы өкімет органы немесе ол өкілдеген өзге тұлға.

сыртқы (көрнекі) жарнама жарнамалық бейнесі немесе жарнамалық бейнелері бар жарнамалық құрылғылар - жарнама - ақпараттық өнімдері (нысандары) түрінде таратылады:

- шатырдағы жарнама қондырғылар (газдыжарық, жарық, жарықсыз);
- қабырғалардағы, кронштейндердегі, жарық тұғырындағы газдыжарық және жарық жарнама қондырғылар;
- көлемді-кеңістікті жарнама қондырғылар (шатырдағы, жеке тұрған);
- қалқанды жарнама қондырғысы (оның ішінде жеке тұрған);
- жарнама стенділер, витриналардағы жазулар мен бейнелер;
- вымпелдердегі, жұмсақ маталардағы жарнама;
- қоғамдық көлік аялдамаларындағы, жарнама тумбаларындағы, қалалық ақпарат стенділеріндегі және өзге осы мақсаттарға арналған орындардағы

ақпараттық сипаттағы хабарландырулар, маңдайшалар, жазулар, көрсеткіштер ( листовка , шағын плакат );

- маталардағы жарнама жазулар;

- әуе шарындағы жарнама;

- көлік құралдарының сыртқы жағындағы стационарлық жарнама;

- лазерлі жарнама қондырғылар (экранның тұтас бетінде);

- лазерлі жарнама қондырғылар (экранның тұтас бетінде) және

жарнама-ақпарат өнімінің өзге түрлері.

*Ескерту: 1 бап өзгертілді - Алматы қаласы Мәслихатының II сайланған XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы шешімімен .*

## **2. Жарнамаға жалпы талап**

2.1. Жарнама оның үлгісі немесе тарату құралын пайдаланудан тыс оны тікелей беру негізінде арнайы күш-жігермен білімдарлықты жұмсамай немесе техникалық құралдарды пайдаланбай тек қана жарнама ретінде қабылдануы тиіс.

2.2. Кәсіпорындар мен ұйымдардың және жарнама өнімдерінің маңдайшалар мен ақпарат көрсеткіштерінің мәтіні міндетті түрде қазақша және орысша тілдерде берілуі тиіс, ал егер де аталған кәсіпорынның белгіленген тәртіп бойынша логотипі, тауар марканы, тауар белгісі мен атаулары шетелше жазылса, онда олар тиісті құжатты көрсетіп түп-нұсқа түрінде қосымша қолданыла алады.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіндері мынадай тәртіппен беріледі:

сол жағы немесе жоғарыда - мемлекеттік тілінде;

оң жағы немесе төменде - орыс тілінде, әріптері бірдей көлемде жазылды.

Қажет болған жағдайда көрнекі ақпарат мәтіні қосымша басқа тілдерде берілуі мүмкін .

2.3. Қазақстан Республикасының заңымен айналымға тыйым салынбаған тауарларды жарнамалауға болмайды.

2.4. Жарнама азаматтарды күш көрсетуге, шапқыншылық пиғылға насихаттамауы тиіс, дабыра жасауға, сондай-ақ адамдардың денсаулығына қоршаған ортаға зиянын тигізетін қауіпті іс-қимылды оятуы тиіс емес.

2.5. Жарнама табиғат заңдарды бұзатын іс-қимылды насихаттамауы тиіс.

2.6. Жарнама ұлтына, ұлысына, адамдардың жынысына, тіліне, діни сеніміне, ойшыл, саяси және өзге танымына қатысты тіл тигізу жолымен жалпы қабылданған әдептілік заңына бұзатын мәтіндік, көрнекі ақпараттың мазмұнды қолданбауы тиіс .

2.7. Жарнама әлемдік немесе ұлттық мәдени жетістікті құрайтын өнер

шоғырын, мемлекеттік рәміздерді (елтаңба, жалау, әнұран), қандай да болмасын мемлекеттің валютасын, діни рәміздерді, қандай да болмасын жеке немесе заңды тұлғаны, қызметті, мамандықты және тауарды кемсітпеуі тиіс.

2.8. Темекі өнімдерінің жарнамасы барлық жағдайда шылым шегудің зияндығын ескерте отырып берілуі тиіс.

2.9. Жарнама-ақпараттық өнім міндетті түрде уақыттың кешкі және түнгі мезгілінде жарық берудің барлық талаптарын орындай отырып сыртқы немесе ішкі жарық көзін пайдалана отырып берілуі тиіс.

### **3. Жарнама-ақпараттық өнімді орналастыру тәртібі**

3.1. Алматы қаласының аумағындағы ақпарат-жарнама өнімін орналастыру өкілетті органның рұқсатымен жүргізіледі.

3.2. Рұқсат беруге негіз жарнама берушінің көрнекі жарнамасының көркемдік берілу объектісінің түсті шешімі, объектінің орналасу орнының сұлбасы болып табылады. Өкілетті орган аталған құжаттарды алысымен 15 күннің ішінде оны қарап шығып жарнама өнімін орналастыруға рұқсат беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3.3. Егер де жарнама берушіге құжаттар толықтыруға қайтарылып берілсе, оны қарау мерзімі ұзартылады.

3.4. Жарнама-ақпарат өнімдерін орналастыруға рұқсат беруге 30 күн уақыт беріледі. Егер де осы мерзім ішінде жарнама ілінбесе, онда шешім күшін жояды да басқа тапсырыс берушіге белгіленген тәртіп бойынша рәсімделеді. Рұқсат беру мерзімін өкілетті орган технологиялық себептерге байланысты ұзартуы мүмкін.

3.5. Сыртқы (көрнекі) жарнама үшін ақының мөлшерлемелері ҚР "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Кодекске сәйкес алынады.

*Ескерту: 3.5 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Мәслихатының II сайланған XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы шешімімен .*

3.6. Қаланың көшелері, алаңдары және жасыл жайлары жарнама-ақпарат өнімдерінің дәрежелері бойынша бөлінеді. Олардың ретін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

3.7. Мәдениет ескерткіш, салт-дәстүр, рәсім, мәдени үйлер мен ғимараттар тұрған табиғи кешенімен қорғалатын аумақтарда жарнама-ақпараттарын орналастыруға рұқсатты мәдениет, экология және биоресурстар басқармасының келісімі бойынша өкілетті орган береді.

3.8. Осы ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

*I сайланған Алматы  
қалалық Мәслихаты  
XXII сессиясының төрағасы*

*I сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК